


# Saiga News

2006 ж. жазы: 3-ші шығарылуы



Сурет В. Смиринаңкі

Ақбекеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін алты тілде шығырылады

## Мазмұны

### Негізгі мақала – 1бет

Э.Дж.Милнер-Гулландауда, Лущекина А.А.  
«Яшкөл» ақбекен питомнигінде (төлімбак)  
«Келу орталығын» (визит-центр) ашу

### Жаңалықтар - 2-3 беттер

Ақбекенді сақтау жөнінде Халықаралық  
альянс (бірігу) құрылды

Қоныс аударатын түрлер Конвенциясының  
жаңалығы – 2006 ж. қырқүйегінде Алматыда  
өттін мәжіліс

Әзбекстан ақбекенді сақтап қалу жөніндегі  
өзаралтусініс меморандумына қол қойды

“Ростов” қорығында өткен халықаралық  
конференцияда ақбекен туралы сөз болды  
Қалмақияда “Дала қожасы” атты конкурс өтті  
Ақбекен туралы фильм бәйгеге ие болды

Қытай телевизоры ақбекен программасын  
көрсетті

Нәтижелі сапар

Шекарашибар Әзбекстан браконьерлерін  
ұтады

Үргенчте браконьерлер ақбекен етін сатуда

### Басылымдарға шолу – 3-4 бет

Убашаев Б. Келешекке оқ ату. “Известия  
Калмыкии”, № 46, 1 ақпан 2006 ж.

Байгуринов Ж. Жем маңында антилопалар  
(ақбекендер) жоқ. “Казахстанская правда”,  
№ 88-89, 14 сәуір 2006 ж.

### Үйлемінің мақалалар – 5-7 беттер

Ли Лиши. Қытайда ақбекенді қалпына  
келтірудің қолайлы резерваты

Ким и Джоел Бергер. Монгол ақбекені: WCS  
территориясын зерттеудің нәтижелері  
Липкович А.Д. “Даланың тірі табигаты”  
ассоциациясы питомнигінде ақбекендерді  
ұтастау мен өсіру тәжірибесі

Быкова Е.А., Есипов А.В., Мурзаханов Р.  
Үстіртте газ өндіруді дамыту – ақбекен  
популяциясына туған жаңа қауіп?

### Проектілерге шолу – 7-8 беттер

Қалмақияда альтернативті табыс көзін  
үйымдастыру проектісі жүзеге асуда

Біз өлемді жаңаша және қайырымды  
жасауға тиіспіз – Қалмақияда TNT проектісі

АҚШ ақбекенді сақтап қалуда Ресейге көмек  
көрсетуде Қалмақияда жаңа “Дарвин  
Инициативасы” проектісі

### Жаңа басылымдар – 8 бет

## «Яшкөл» ақбекен питомнигінде «Келу орталығын» (визит-центр) ашу

15-мамырда 2006 ж. Ресей федерациясы  
Қалмақ Республикасының басшысы Кирсан  
Илюмжинов Яшкөл ауданындағы жабайы  
жануарлар орталығының ақбекен  
питомнигінде жаңа «Келу орталығын»  
арнаулы ашты. Бұл Орталықтың директоры,  
б.ғ.д., профессор Ю.Н.Арылов пен оның  
қызыметкерлерінің көлжылдық жұмыстарының  
нәтижесі еді. «Келу орталығын» ашу кезінде  
Яшкөлдің көпсалалы гимназиясының  
мұғалімдері мен окушылары концерт берді.  
Олар халық әндері мен билерді әсем  
орындағы Республика басшысы келесі жылы  
Қалмақияда ақбекен фестивалы өтеді деп  
жариялады.



Орталықтың маңында бишилдер дайындық  
өткізуде. Сурет Э.Дж. Милнер-  
Гулландаудың

Жабайы жануарлар Орталығы қолда ақбекенді өсіру саласында әлемдік лидер болып  
табылады. Бұл тәжірибе басқа елдерге де керек-ақ.

«Келу орталығы» экологиялық білім мен тәрбие  
берудегі республикалық орталық болып одан  
әрі дами береді.

Көптеген халықаралық үйымдар (Ұлыбритания  
Үкіметінің «Дарвин инициативасы»  
программасы, SEPS, ірі шепкөректілер  
фондасы, АҚШ-тың балық және құстар  
жөніндегі үйымы, Денверь хайуанаттар бағы,  
хайуанаттар паркіне көмектесу фондсы,  
Колорадо хайуанаттар бағы, ИТЕРА, TNT-  
Express) «Келу орталығын» құруда қаржылай  
үлкен көмек берді.



Республика басшысы К.Илюмжинов пен проф.  
В.Неронов жәбек жілті кесуде. Сурет Э.Дж.  
Милнер-Гулландаудың

Келу орталығы ақбекеннің экологиясы мен  
оны қорғау жөніндегі материалдармен,  
компьютер құрапдарымен, Қалмақия  
мәдениетіне байланысты мәліметтермен  
жақын жабдықталған. Питомникте ғылыми  
жұмыс жүргізуге арналған құралдар –  
жабдықтар және мектеп окушылары жұмыс  
істейтін комнатарапар бар. Мұнда көптеген  
жергілікті және халықаралық оқу  
орындарымен тығыз байланыстар жасалған.  
Олардан ақбекеннің мінездүлкін және оны  
өсірі әдістерін зерттеу үшін студенттер  
осында келеді.



Қалмақ Республикасының басшысы жабайы  
жануарлар Орталығы директорымен  
ақбекенді сақтау мәселесін талқылауда.  
Сурет Э.Дж. Милнер-Гулландаудың

Э.Дж. Милнер-Гулландауда, Империал Колледж, Лондон,  
А.А. Лущекина, Рессей МАБ, ЮНЕСКО комитеті. Бұл тақырыптың мәліметтерін таба аласындар  
мына сайттан: <http://saigak.biodiversity.ru/news/250506.html>

**Редакция алқасы.** Ұлыбритания: Э.Дж.Милнер-Гулландауда, Лондон Империал колледжи ([e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk));  
Қазақстан: А.Бекенов и Ю.Грачев, зоология институты ([terio@nursat.kz](mailto:terio@nursat.kz)); Қытай: А.Канг, WCS Қытай  
([ygling@online.sh.cn](mailto:ygling@online.sh.cn)); Монголия: Б. Лхагвасурен, Биология институты ([ecolab@magicnet.mn](mailto:ecolab@magicnet.mn)) және Е.Онон, WWF-  
Монголия ([mro-species@wwf.mn](mailto:mro-species@wwf.mn)); Рессей: Ю.Арылов, Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар орталығы  
([kalmsaigak@elista.ru](mailto:kalmsaigak@elista.ru)) және А.Лущекина, экология және эволюция проблемалары Институты ([mab.ru@relcom.ru](mailto:mab.ru@relcom.ru));  
Түркменстан: Дж.Сапармурадов, шөл, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің үлттүк институты ([siuma@untuk.org](mailto:siuma@untuk.org));  
Әзбекстан: Е.Быкова және А.Есипов, зоология Институты ([esip@tkt.uz](mailto:esip@tkt.uz)).

*Сіздердің көрсетілген алты тілдің бірінде жазылған материалдарынызды жіберуге шақырамыз. Оларды мына  
адреске жіберіңдер: [esip@tkt.uz](mailto:esip@tkt.uz) немесе редакторлардың біріне. Бюллетенің жылына екі рет шығады.*

Бұл басылымды мынадай online табуға болады: <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html>,  
[www.iccs.org.uk/saiganews.htm](http://www.iccs.org.uk/saiganews.htm) және <http://www.wildlifewarden.net/wcs/mini/Saiga-Chinese.pdf>, сондай-ақ pdf-ден немесе  
оның көшірмесін ағылшын, қазақ, қытай, монгол, өзбек және орыс тілдерінде өздеріңнің мәліметтерлерін бойынша  
алуға болады.

Шығуна  
қаржыдай көмектескен



Қосымша қаржы:



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАР

### **Ақбекенді сақтау жөнінде Альянс құрылды**

Ақбекенді сақтау альянсы – бұл табиғатты қорғау саласындағы ғалымдар мен мамандардың еркін бірлестігі. Олар ақбекенді зерттеу мен сақтау саласында 15 жылдан аса жұмыс істеді. Біз ақбекенді Орта Азия мен Каспий теңізі жағалауындағы даланың көркі ретінде қалпына келтіру үшін жұмыс істейміз; өйткені оның жергілікти халықтардың мәдени и экономикалық саласында және далалық экосистемадағы алатын орны ерекше. Біз бірге жұмыс істейміз және алған тәжірибеліден және ақбекенгі деген сүйіншпенделікті бөлісеміз. Дүние жүзі халықтары, Үкіметтері және табиғат қорғау үйімдары үшін біз енбегіміздің жемісін кең таратамыз. Ақбекенді сақтау альянсының арнаулы статусы жоқ және оған мұше боламын деушілерге есік ашық. Өйткені бұл альянстың мүшелері бізге бір келісімге келген жұмыстарды ұсынуға көмектеседі, ақбекенді сақтау жөніндегі бағыттарды анықтайды және қаржы табу жолдарын іздестіреді. Saiga News бюллетенін: <http://www.iccs.org.uk/SaigaAlliance.htm> - шығару-бұл атапған альянстың көмегімен атқарылып жатқан жұмыстардың бірі. Альянсқа мұше боламын десеніз бізге хабырласызыздар.

Жақында ақбекенді сақтау альянсы алғашқы грантты жабайы табиғатты сақтау үйімінан (WCN) алды. Бұл Елена Быковада Өзбекстанда ақбекенді сақтау жөніндегі атқарылып жатқан жұмыстарды Сан-Хосе қаласында 2006 жылдың қазан айында өтетін табиғат қоргаудың халықаралық көрмесінде баяндауға мүмкіндік береді. Қосымша мәліметтерді аласыздар Э.Дж.Милнер-Гулландан, Империал Колледжі, Лондон, [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk) және Е. Быковадан: Өзб. Рес. Зоология институты: [esip@tkt.uz](mailto:esip@tkt.uz).



### **Қоныс аударатын түрлер Конвенциясының жаңа жаңа жаңа – 2006 ж. қыркүйегінде Алматыда өтетін мәжіліс**



Қоныс аударатын түрлер Конвенциясы (CMS) және саны азайған, құрып бара жатқан жануарлар мен есімдіктер түрлерінен сауда жасаудың халықаралық үйімі (СИТЕС) Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігінің орман және аңышылық шаруашылығы Комитетінің ақбекенді (*Saiga tatarica tatarica*) сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалану жөніндегі өзаратуисінісу меморандумына қол қою мәселесіне арналған ақбекен таралған елдердің 1-ші мәжілісін өткізу керектігін хабарлады. Мәжіліс Алматы қаласында (Қазақстан) 2006 жылдың 25-26 қыркүйегінде өтеді. Біз Сізді және сіздің үйімдің осы мәжілістің жұмысына қатысуга шақырамыз. Мәжіліс мәліметтерін мына CMS-сайтынан ала аласыздар: [http://www.cms.int/bodies/Agreement\\_MoU\\_Meetings.htm](http://www.cms.int/bodies/Agreement_MoU_Meetings.htm). Тіркеу уақыты - 2006 ж. 30-шы маусымына дейін.

Мәжілістің міндеттері:

1. Ақбекен мекендейтін елдердің ақбекенді сақтау жөніндегі мәліметтері;
2. Өзаратуисінсу Меморандумы (ӨТМ) мен қолданылған шаралардың орындалу барысы туралы шолу әрі келешектегі негізгі бағыттарды анықтау;
3. ӨТМ бойынша есеп беру форматын қабылдау;
4. ӨТМ-ның үйлестіру механизмін талқылау.

Сонымен бірге CMS пен CITES ӨТМ-нің мәжілісі қарсаңында техникалық семинар өтетіндігін хабарлайды, онда серіктердің айтылған инициативалары талқыланады. Оны халықаралық табиғат қорғау одағының (МСОП) бекендер (антителопы) жөніндегі комиссиясы және Еуропаның тұрақты пайдалану комиссиясының мамандары өткізеді. Семинар 2006 ж. 23-24 қыркүйегіне жоспарланған. Семинарға қатысуга шақырамыз.

Семинар мен партнерлік инициативаның міндеттері:

1. Ақбекенді қорғау жөніндегі статусты талдау;
2. Ақбекен таралған елдерде орындалатын жобалар тізімін жасау;
3. Атқарылатын жұмыстардың жоспарына сәйкес іс-қимылдың негізгі бағыттарын анықтау және ұсыну-орташа мерзімді халықаралық жұмыс программасының негізі.

Ақбекенге байланысты проектілер мен онымен айналысатын үйімдердің беретін мәліметтерін бір жүйемен жүргізу үшін жақын арада есеп берудің үлгісі онымен айналысатын мекемелерге таратылады.

Лайл Гловка (CMS-дің келісімді даярлау маманы) және Том де Меленаер (СИТЕС-дің аға ғылыми қызметнери), [secretariat@cms.int](mailto:secretariat@cms.int)

### **Өзбекстан ақбекенді сақтап қалу жөніндегі өзаратуисінісу меморандумына (ӨТМ) қол қойды**

2006 жылдың 23-шы мамырында Өзбекстан Республикасының Германиядагы елшісі Бактияр Гулямов ақбекенді (*Saiga tatarica tatarica*) сақтау, қалпына келтіру және тұрақты пайдалану жөніндегі ӨТМ-ге қол қойды деп жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерін сақтаудың Бонн конвенциясының (CMS) секретариаты хабарлады.

2005 ж. қараша айында өткен CMS-ге қатысушы елдердің 8-ші конференциясынан кейін Өзбекстан, Түркіменстан кейін, ӨТМ-ге қол қойған екінші ел болды. CMS-тің атқаруышы хатшысы Роберт Хепворт былай деді: “Өзбекстан жабайы жануарлардың қоныс аударатын түрлерді сақтаудың Бонн конвенция қатысушы елдердің ішінде ақбекен таралған елдер ішінен бірінші болып ӨТМ-ге қол қойды. Бұл ӨТМ-ге ақбекен мекендейтін басқа елдердің қосылуына қосымша себел болатынына сенімдімін”. Қосымша мәліметтер Ирина Бермираевадан аласыздар (Өзб. Госкомприроданың халықаралық бөлімі): [enconf@uzsci.net](mailto:enconf@uzsci.net). Материалдар мына сайда бар:

[http://www.cms.int/news/PRESS/nwPR2006/May/nw230506\\_saiqa\\_signing.htm](http://www.cms.int/news/PRESS/nwPR2006/May/nw230506_saiqa_signing.htm)



Бахтияр Гулямов пен Роберт Хепворт ӨТМ-ге қол қоюда. Сурет CMS секретариатынан

### **«Ростов» қорығында өткен халықаралық конференцияда ақбекен туралы сөз болды**

2006 ж. 26-28 сәуірінде Орловский поселкесінде (Ростов обл.) «Ростов» мемлекеттік табиғи қорығының 10-жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Бұл қорық – Ресейдің нағыз дала қорықтарының бірі. Конференцияға Ресейден және шет елдерден 100-ден аса мамандар қатысты. Далалық экосистеманың биологиялық әртүрлілігін сақтау мен зерттеу мәселелеріне арналған біраз баяндамалар тыңдалды. Әсіресе, ақбекенді сақтау мен зерттеу проблемаларына біраз баяндамалар арналды. Қосымша мәлімет алу үшін қорық директоры Л.В.Клецке хабарласу керек: [gzr@orlovsky.donpac.ru](mailto:gzr@orlovsky.donpac.ru)



Ақбекеннің фигуrasesы (қағаз және картон). Джелілова Альвина, 5-й класс. Сүрет А.А. Пущекинанікі

### Қалмақияда “Дала қожасы” атты конкурс өтті

Қалмақ Республикасының «Экологиялық проектілер Орталығы» қоғамдық үйімі Буддисттер монастыры «Геден Шеддуп Чуп Чой Корвинг» және Қалмақ Республикасы окушыларының экология – биологиялық орталығы қызметкерлерімен бірлесе өтіріп, ARC (дін мен қоршаған ортаны қорғау одағы) қайырымдылық қорының қаржысына 2006 жылдың басында творчестволық жұмыстарға «Дала қожасы» атты Республикалық конкурс өткізді. Конкурстың негізгі мақсаты: Қалмақия діни қауымын қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстармен мәлімет ету, ересектер мен балалар үшін экобілім программасын дамыту. Конкурсқа 23 мектеп пен республикалық БАҚ-ның 9 журналисттері қатысты. Конкурсқа қатысушылар мынадай жұмыстарын ұсынды: бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар, балалар салған суреттер; «Экология, Тарих және этнография, халықтық әдеб-ғұрып» тақырыбына арналған конкурстық жұмыстар.

Бірқатар жұмыстар ақбекенді сақтауға арналған. Қосымша мәліметтер алуда үшін қоғамдық үйімнің директоры О.Б.Обгеновага хабарласу керек: [centercep@yandex.ru](mailto:centercep@yandex.ru)

### Ақбекен туралы фильм бейгеге ие болды

А.Мисайлопен пен Д. Шпиленканың «Ақбекен – дала символы» (Saiga News, 2, 2005 қара) «Веб видео МАБ, ЮНЕСКО» конкурсында 3-ші орынды жеңіп алды. Saiga News бюллетенінің редакциясы фильмнің авторларын осы наградамен шын жүректен құттықтайды.

### Қытай телевизоры ақбекен программасын көрсетті

2005 жылдың аяғында Қытайдағы ең ірі және ерекше танымал телестанция CCTV өкілдері Ганьсу провинциясындағы құрып кету қаупі бар түрлөрді өсіру Орталықтыңда болды. Орталық және ақбекен туралы түсірген олардың фильмдері 2006 ж. ақпан айында CCTV-нің 7-ші каналы арқылы көрсетілді. Фильмде ақбекеннің өмірі, қыста қүйге түсү кезіндегі онның мінезд-құлқы көрсетілген. Соңдай-ақ фильмде Орталықтың ғылыми қызметкерлері және мал дәрігерлерімен сұхбатта орын алған. Әңгіме арқауы-акбекен және онның табиғаттағы жағдайы. Қытай телевизоры бірінші рет Орталық және ақбекен туралы программасы көрсетті. Бұл халықты ақбекен туралы мәліметтерімен қызықтыруға емес, сонымен бірге жүртшылықты бұл жануардың қазіргі қын жағдайымен, онның келешегімен таныстыруды еді. Қосымша мәлімет алуда үшін Ли Лишиумен хабарласыңыздар; WCS-Қытай, [jasmine.lls@hotmail.com](mailto:jasmine.lls@hotmail.com)

### Нәтижелі сапар

Жоспарлы сапарға қатысушылар – полиция қызметкерлері және өндірістік бірлестік “Охотзоопром”-ның Қызылорда бөлімшелерінің аңшылық инспекторлары мұндай “Олжага” кездесеміз-ау деп ойлаған жоқ. Құмкөл-Қызылорда бағытында келе жатқан “УАЗ-469” автокөлігінде олар атып алған 13 ақбекенді және бесзарядты винтовканы көрді. Атып алған киіктің ішінде еркегі мен үргашылары да болды. Браконьерлікпен айналысқан облыс орталығының тұрғындарының автокөлігі мен мылтығын конфискеумен қатар олар 2 миллион 300 мың тенге (шамамен 19 мың долл. АҚШ) айып төлеуге тиis. УК РК 288 статьясына сәйкес (заныз аң аулау) қылмыстық іс қозғалған. Ол туралы <http://saigak.biodiversity.ru/news/020306.html>.

### Қазақтың шекарашибалары Өзбекстан браконьерлерін үстады

Батыс Қазақстан территориясында “Батыс” аймақтық басқармасының шекарашибалары занызың ақбекендерді аулап жүргендерді үстады. 2006 жылдың сәуір айында Өзбекстан шекарашибалынан 20 шақырым жерде қазақстан территориясында браконьерлікпен айналысып жүрген төрт өзбек азаматтары қолға түсті. Браконьерлердің автокөліктерін тексерген кезде онан 11 ақбекен, көптеген онның мүйіздері және аңшылық мылтықтар алынған. Бұл факті бойынша тексеру жүргізілуде. Казинформ, 13.04.06. Толығырақ: <http://www.press-uz.info/index.php?id=2452>

### Ургенчте браконьерлер ақбекен етін сатуда

2006 ж. қантар айында Ургенч қаласында (Хорезм обл., Өзбекстан) ақбекен етін сатып жүргендер байқалған. Браконьерлерге етті алыстан әкелуге тұра келеді, өйткені бұл мезгілде ақбекендер Үстірттеға ғана кездеседі (Хорезм облысынан 600-700 шақырым жерде). Үстірт сапарының нәтижесі, ақбекен еті Хорезмде де сатыла бастаған (Совет одағы тарай бастаған ұқыттандын бастап мұндай жағдайды онда көрмеген). “Ферганада ру” материалы, 02.02.06. Толығырақ: <http://news.ferghana.ru/detail.php?id=240977376138.44.1891.2022197>



Сүрет веб-сайттан  
<http://www.tigers.ru/inters/ecology/saigak.html>

## Басылымдарға шолу

**Ресей: Известия Калмыкии, № 46, 1-ши ақпан 2006 ж. [қысқартылып алынған]**

### Келешекке оқату

2005 ж. Яшкөл ауданында (РК) 19 ақбекеннің текесін атып алған факті бойынша үш қылмыстық іс қозғалды. 2004 ж. 31-ші желтоқсанда, жаңа жылдың алдында, “Россельхознадзор” басқармасының оперативтік группасы Қалмақ Республикасы бойынша Хулхута пос. (Яшкөл ауданы) тұрғыны азамат Ш.Х.Парижевті алты ақбекен текесін атып алғаны үшін үстады. 2005 ж. 27-ші мамырда Яшкөл аудандық сотының (РК) шешімімен оны айыпты деп тауып, бір жыл алты ай бас бостандығынан айырды, оны колонияда өтейтін болды. Соңдай-ақ браконьер-сотталушы келтірген зияны – алты ақбекен текесінің құнында (36 мың сом, 1 мың 300 долл. АҚШ) төлейтін болды. Бірақ бұл оқиға, басқалар сияқты, Ш.Х.Парижевтің ауылдасы М.Т.Бейневке сабак болмады. 2005 ж. 8-ші маусымында ол Хулхута поселкасының маңында ақбекен текесімен қолға түсті. Сот оны екі жыл бас бостандығынан айырған, колонияға жіберді.

2005 ж. қараша айында «Россельхознадзора» охотовед-мамандары браконьерлік жасаған жерді анықтады, бірақ браконьерлер бұл жерден жасырынып кетіпте үлгірғен, бағыты Утта және Хулхута поселкаларына қарай. Аңшылық жасаған жерде өлген 12 ақбекен табылған, оның жартысы алып кетуге дайындалған. Ақбекен текелеріне деген мұндай зұлымдық қатынас популацияның генетикалық әртүрлілігіне әсер етеді ғой. Біз жұртшылықтан мұндай оқиғаға немікүрайлы қарамауын өтінеміз. Ақбекен дағдыры ойландыратын барлығыңыздан сұрайтынымыз, браконьерлік жайлы «Россельхознадзора» басқармасына хабарласыңыздар. Сіздердің қоныстарыңызыда ақбекен кездессе, оны да бізге айттыңыздар.

Б. Убушаев, «Россельхознадзора» басқармасы



Жайылып жатқан ақбекен аналығы.

Сурет Дж.-Ф. Лагротанаки

**Қазақстан: «Казахстанская правда», № 88-89, 14 сәуір 2006 ж.**

### Жем маңында антилопалар (ақбекендер) жок

Олар, мүмкін, бұл жерден мұлдем кеткен де шығар. Өйткені оларды көрген адамдарда бірден жыртқыштық және ашқарақтық мінез пайда бола бастайды; жан дүниесіндег «қасқырдай» аранда туышып сезімі оянағы... Олар Доңызтаудың таулы белдірінен асып, адам тұрмайтын қоныстар арқылы алысқа Матайқұмға одан әрі көршилес елдерге кеткен болу перек. Олар - бұл ақбекендер.

Бірақ қорғаныссыз дала антилоптарына барлық жерде қауіпті. Қауіп жерден ғана емес, аспаннан да болуы мүмкін. Даланы түнде адам айтқысыз шапшаң жылдамдықпен шарлаған автокөліктер мен мотоциклдер. Адам аз қоныстанған Үстірт қыратында атылған мылтық даусы жазық даланың мәнгілік тыныштыбын бұзады. Мұндай алыстағы елсіз далала басынан аяяна дейін қуруланған, мобиленный байланыстары бар, түнде көретін құрал-жабдықтары бар адамдар ғана барады ғой. Ондағы аңшылық Байғанин ауданының Оймауыт, Миялы, Диң және басқа да елді пункттердің тұрғындары да қатысқан болуы керек. Өйткені, ол маңдан көттеген шақырым жол жүрсөн де бірде-бір ақбекенді көрмейсін; айтуға ауыз бармайды.

Милиция мәліметтерінде жиірек Атырау, Манғыстау, Қызылорда облыстары мен көршилес Өзбекстан тұрғындары көрсетіледі; өйткені бұл қоныстар ақбекеннің негізгі мекендейтін аудандары ғой. Бұл фактіні аудан әкімі Бердіхан Кемешовта растады. Оның пікірінше, бұл жануарлардың саны атудың нәтижесінде азайып кетті, тіпті олардың жойылып кету қаупі тәнді. Бұрын ақбекендер Жем өзенінен су ішүге Қарашаукелді елді мекені маңынан құлайтын, оның бірнеше мындаған тобы Жарқамыс, Қопа ауылдары төңірегінен көрінетін. Бұғінде ол жерлерде ақбекен түгіл, оның іздері де жок.

Бұрын ауыл маңынан үйр-үйірмен ақбекендер өткенде тұрғындардың оларға деген «аңшылық ықыласы» бүгінгідей емес еді. Ал, қазірде тіпті басқаша: барлығын түгін қалдырмай ату, мүйіздерін кесіп алу, етін лақтырып тастау ойларында. Осындаид адамдардың қылтыны естігендеге таңқаласын. Олар адам емес, жыртқыш аң сияқты. Иә, ондай адамдар кейбір мекемелерде үлкен қызмет атқарады ғой; олар өз орталарында қорғаныссыз ақбекенді қалай атқанын айтып, мақтанатының қайтерсың. Бұғінде базарда бір килограмм ақбекен мүйізінің бағасы 300-500 доллардай болып бағаланады...

Деседе, аңшылық инспекцияның мәліметтері бойынша, Байғанин ауданында ара-тұра аңшылық инспекциясы браконьерлердің ізіне түсіп тұрады; бірақ қебіне ұсақ «балықтарды» үстайды. Олар, негізінен, жұмыссыздар - Манғыстау, Атырау тұрғындары. Ақбекендерді браконьерлердің үлкен атуы өткен жылы қыркүйек айында болды. Манғыстаулық жұмыссыз Б.Нұрмаганбетовтан, Атыраулық жұмыссыз К.Қазыбаевтан 50 патрон, 10 ақбекен мүйізі, мотоцикл «Урал» алынды. Олар барлығы 16 ақбекен атып, табиғатқа 2 миллионнан аса (17 мың долл. АҚШ) материалдық шығын келтірген.

Браконьерлерді ұстаяға Байғанин ауданында жүрген облыстық аңшылық инспекциясының өкілдері қылмыстық іс қозғау үшін браконьерлерді ұстаган жергілікті полициялармен байланысады. Бүгінде дейін ауданда өзінің жеке аңшылық инспекциясы жок, тіпті штаттан тыс болса да. Қазірде ол Байғанин ауданы үшін қажет-ақ. Осындаид ұсыныс облыстық орталықта жіберілген. Ауылдық округтерде инспектордың болуы да қажет-ақ. Ал, не мобильдық байланысы жок, не көлігі жок немесе өз участекесін жол-жөнекей жолаушылардың көлігімен жүріп ететін ауылдағы полицияны еске түсірініші. Оған бекітілген округтың көлемі біргана Ой ауданының көлемінен төрт екенин еске алсаңшы. Әрине, бас-аяғында дейін құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген қылмысқерлермен күресу оған қыын-ақ. Осындаид үлкен территорияны бақылауда аңшылық инспекцияларына да оңай емес. Соңықтанды антилопа мүйізін олжалау азаймай отыр, далада естілген мылтықтың даусы; ал қөрші облыстың темір жол станцияларында жергілікті «коммерсант-саудагерлер» поезд жолаушыларына ашықтан-ашық ақбекен етінен жасалған дәмді тамақты ұсынады. Ақбекен мүйізін ұсынатаудың да таңдануға болмайды.

Жұбаныш Байгуринов

Толық мәлімет: <http://www.earthwire.org/cache.cfm?aid=109992>

## ҒЫЛМИ МАҚАЛАЛАР

### Қытайда ақбекенді қалпына келтірудің потенциальды резерваты (қорығы)

Ли Лишу  
WCS-Қытай



Ся'эрсилі (Xia'erxili) қорығы Синьцзян-Үйір автономиялық округінің ішкі Монғолия автомомиялық ауданындағы Бортала қаласы маңындағы Алатау жотасының теріскей беткейінде орналасқан (E81°43'-82°33', N45°07'- 45°23'). Солтүстік шекарасы Қазақстанмен шектелген. Бұл регионның биологиялық әртүрлілігі жақсы сақталған, өйткені көп жылдан бері мұнда адам қызметінің әсері байқалмайды. Мұндай жағдай Орталық-Азия және Монғолия өтпелі аумағында сирек кездеседі.

Қазірде жер көлемі 58 км<sup>2</sup> территориясы Қытай мен Қазақстан үлттық шекарасы арқылы өтіп, Алла өткелі маңында Ся'эрсилі қорығы орналасқан. Қорық шекарасының оңтүстік-батыс және оңтүстік жағындағы орман шаруашылығы да (36 км<sup>2</sup>) осы қорыққа енеді. Сонымен, Ся'эрсилі қорығының жер көлемі 220 км<sup>2</sup> - дең 314 км<sup>2</sup>-ге көнітілген. Осындаид шаралардан кейін аталаған қорық үлттық табиги паркке айналады.

Ся'эрсилі қорығы. Аили Кан суреті

Көне дәүірде Ся'эрсилі қорығының территориясы ақбекеннің тұрақты мекені және қоныс аудыратын жері болған. Жонғар бассейнінде мекендейтін бақташылар бұл ауданда ақбекендерді 1950-жылға дейін көрген. Одан кейінгі жылдары оның саны азайып, кейіннен есепсіз аулаудың салдарынан жойылып кеткен. Соның нәтижесінде басқа да жабайы жануарлардың саны азайған. 1960 жылдан кейін Жонғар бассейнде ақбекен кездеспейтін болды.

Ся'эрсилі қорығының территориясына Алла өткелінің маңынан жер қосу – жасыл қоридар болып табылады деп атап көрсетті Синьцзян Педагогикалық университеті биология факультетінің профессоры Хайнин. Бұл ауданда ақбекеннің сүйікті азықтары болып саналатын бидайық пен жусандар қөбірек өседі. Және де бұл регион Қытайда ақбекенде қалпына келтірудегі мүмкіндігі мол резерват болып саналады.

## Монғол ақбекені: WCS территориясын зерттеудің нәтижесі

Ким и Джоэл Бергер  
Солтустікамерикалық WCS программысы

2005 ж. қазан айында табиғатты қорғау қоғамы (WCS) Батыс Монғолияда ақбекеннің жағдайын және мекендейтін қоныстарын зерттеуге кірісті. Экспедицияның мақсаты шамамен 3-5 жылға арналған монғол ақбекенің сақтауды жетілдіру жобасының орындалу мүмкіндігіне баға беру. Міндеттер: 1) Монғолия үйімдары мен жеке адамдардың ақбекенде сақтауға қанша ынталы екенін бағалау; 2) ақбекен мекендейтін жерлерде оны сақтауға көмектесетін биологиялық мәліметтер жинау мүмкіндігін бағалау. Зерттеу жұмысын WCS-Монғол программының директоры Аманды Файннің қатысуымен авторлар жүргізді.

Аталған команда Шарга-Манхан қорығы мен оның төнірегінде Хар Ус Нур үлттық паркінде және Хүйсин Гоби (сурет) үшкіншілік зерттеу жұмысын атқарды. 10-19 қазан аралығында 460 ақбекен көзге шалынды. Сондай-ақ, Дарив инспекторы (Д. Чинунен) Шарга-Манхан қорығының солтустік – батыс жағынан тағы да 100-ге тарта ақбекенде өсепке алды. Зерттеудің мақсаты біз бақылаған жерлердің бұл жануарлардың тіршілік етуіне қолайлы ма, соны анықтау болғандықтан, ешбір системалық бақылаулар жүргізілген жоқ. Сондықтанды, зерттеудің нәтижесін ақбекеннің қазіргі қорын анықтау деп санамау қажет. Бір-ақ, көрсетілген территориида ақбекен саны едәуір екенін көрсетеді, соган сәйкес оны және оның мекендейтін қоныстарын қорғау мәселесіне үлкен көніл белу керек.

Сондай-ақ, тәрткетінің ішінде команда табиғатта ақбекенді сақтау мүмкінділігін талқылау мақсатымен бұл жануарды қорғауға мүдделі монғол үйімдарының өкілдерімен кездесті.

Кездесу Улан-Батор мен Кобдосс және Гоби-Алтай аймақтарында мына үйімдармен өтті: барысты сақтаудың халықаралық фондысы, Дала программысы, ПРООН-ның Алтай-Саян жобасы, Монғолия ғылым академиясы, Хар Ус Нур үлттық паркі, табиғаттың дүниежүзілік қоры, табиғатты қорғау комитеті, Монғолия үлттық университеті, Кобдосс университеті және ақбекенде қорғайтын аңшылық инспекторалары. Бұл кездесулер мынадай шараларды жүзеге асыру керектігін айтты: 1) қоныс аудару және маусымдық қоныс аудару туралы мәлімет алу, өсіресе, қатаң қыс айларында; 2) үй малдарымен қарым-қатынасын зерттеу, өсіресе, мал қоныс аударатын аудандарда; 3) популяциондық өзгерістерін анықтайдын әдістемелерді дамыту; 4) ересек және жас особтардың өмір сүру мәліметтерін алу, сонымен қатар ақбекендердің структуралық құрылымына өсер ететін факторларды анықтау; 5) Генетикалық зерттеу жүргізу; 6) ақбекендерді бұрынғы кезде мекендейген жерлеріне жіберу; 7) материалдық-техникалық базасын жақсарту, инспектор кадрлерді оқыту, үрету, монғол ғалымдары мен студенттерді қатыстыру және жәргілікті жүртшылықтың ақбекенде сақтап қалудағы пайда табу мүмкіндігін дамыту қажет. Әңгімелескен барлық группа екілдерінің ынталығын және далалық зерттеу кезіндегі табыстарды ескерсек, ақбекенденді сақтап қалуға бағытталған жұмыстар одан әрі дами түседі.



Сурет. Батыс Монғолияда ақбекенде қазіргі зерттеудің нәтижесі

## «Даланың тірі табиғаты» ассоциация питомнігінде ақбекендерді ұстая және өсіру тәжірибесі

Липкович А.Д.

«Даланың тірі табиғаты» ассоциациясы, Ростов облысы

Ростов облысында ақбекендер сирек кездесетін түр болды; жазғы қоныс аудару кезінде облыстың шығыс аудандарында оқта-тектеған кездесіп қалуы мүмкін. Орлов пен Ремонтненск аудандарының территорияларына жануарлардың соңғы енүі 1997-1998 жылдары байқалды. Ассоциация «Даланың тірі табиғаты» Ростов облыстық әкімшіліктің қолдауымен, Ресей ғылым Академиясының Оңтүстік ғылыми орталығының басшылығымен және «Башмұнай-Оңтүстік» компаниясының қаржылық жәрдемімен 2004 ж. «Кундрюченский» хуторында (Орлов ауданы) ақбекендерді ұстайтын питомник ашты.

2004 ж. 9-шы қазанында Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар Орталығынан (питомнігінен) ақбекеннің 5 текесі мен 5 аналығы әкелінді. Оларды ұстая мен тасымалдау Орталықтың директоры Ю.Н.Арыловтың бастылығымен жүргізілді.

Орталықтың вольерінде жануарларды тормен ұстап, байлап, рамитармен етіп, шөп төсеген жүк машинасымен тасымалдан жеткізілді. Оларды ұстайтын жерде үш торлы вольера салынды. Шифрмен 2 м биіктікке дейін жабылды. Көлемі 15-18 м вольерлердің формасы жануарлар жақақат алмас үшін сопақша етіп соғылды. Ортағы вольерада жануарларды бақылайтын мұнара орнатылды. Әкелгеннен кейін, біржетіден соң, екі аналық өліп қалды. Оларды сойып, көргенде біраз гематомдық өзгерістер бар екендігі байқалды. Текелерінің үшеуі ақсай бастады, тіпті біреуі аяғынан тұра алмайтын болды, ал бір аналықтың алдыңғы аяғы сынған болды. Біздің пікірімізше, мұндай үлкен жақақаттану вольерада оларды аулау өдісінің кемшілігінен деп білу керексияқты. Торда жануарларды қып ұстая кезінде олар бір-бірімен әрі торға соғылып талай жақақат алды.

Торлы вольердағы қалған жануарларды құнделікті бақылау жұмысы басталды. Салқын түсे жануарлар түлеп, күйлери жақсы болды. 2004 ж. 13-ші қарашасында Қалмақ елінен күйлеу процессине қатыстыру үшін бір ересек текесі әкелінді. Оны вольердердегі екі аналықтың қасына қости. Қундізігі бақылау кезінде теке мен аналықтардың мінез-құлқында ешбір өзгерістер байқалмады. 27-ші желтоқсанда осындағы жағдай болды. Тек, 12-ші қантар мен 15-ші қантар арасында аяғы ақсақ аналықтың күйлеуге түсу белгісі байқалды (оны «Жади» деп атады). 12-ші қантар күні бұл аналық мазасыздынып, ерекше берген дыбысына текесі жауап берді. Тіпті көрші вольерада тұрған жас текелерде қозып, оларда ерекше дыбыс шығарды. Жади да мазасыздынып, тордан шыққысы келіп, секіре бастады. Жас текелерде қантар айында көп қозғалып, мазасыздану прогресін еткізіді. Ал, аяғы ақсақ теке онша қымыл көрсеткен жоқ. Барлық үш аналықта қашып кетті. Бірінші құралай (еркек) 17 мамырда сағат 18 шамасында туды, біржарым сағат өткен соң, ол тұрып, анасын іздей бастады.



Ақбөкен лактартын қоректенедіру де. Сурет А.Д.  
Липковичтікі

Екінші ақбөкен лағы 19-ші мамырда дүниеге келді. 14-ші маусымда Жади боссанып, бір лақ туды.

2005 ж. қазан айының басында питомникке 10 жас ақбөкендер әкелінді. Олар мамыр айында Қалмақ Республикасының «Степной» корықшасынан ұстальды. Биыл туған бұл ақбөкендер жарығы мен жылу бар жабық вольераға орналастырылды.

2005 ж. желтоқсан айында былтыр туған текелердің активтілігі өсті. Әсіресе, олардың біреуі ерекше қымыл-әрекет көрсетті. Желтоқсаның екінші жартысында әлсіз бір теке өліп қалды.

2005 ж. желтоқсан айында қалған жануарлардың қүйлери жақсы екендігі байқалды. Алты аналық текенің вольерасына жіберілді. Теке өзінің қымыл-әрекетін өзгертіп, жанына аналықтарды үйіре бастады. Жас текелерде бір-бірімен ойнап, әртүрлі мінез-құлқы көрсетті. 2005 ж. желтоқсан айының соңында питомнике барлығы 14 ақбөкен ұсталды.

## Үстірт қыратында газ өндірісін дамыту – ақбөкен үшін жаңа қауіп?

Быкова Е.А.<sup>1</sup>, Есипов А.В.<sup>1</sup>, Мурзаханов Р.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>ӨҒА-ның зоология Институты, <sup>2</sup>“Армон” Эколониялық право орталығы

Табиғи газды өндіру жөнінде Өзбекстан дүние жүзінде сегізінші орынды алады. Ондағы газдың қоры 2,44 триллион кубаметр деган саналса, оның 1,7 триллион кубаметрі Үстірт қыратында. Үстірт, сонымен қатар, басқа да табиғи ресурстарға бай. Мұнда омыртқалы жануарлардың 250-дей түрі тіршілік етеді. Жануарлар ішіндегі ең маңызды өкілі-ақбөкен. Елді пункттерден алыс болуы және жетуі де қызын болғандықтан бұл өнірді игеру де қызынға соқты, сондықтанда онда табиғи комплекстер жақсы сақталды. Бірақ Арап тенізіне байланысты қызын экономикалық жағдай, жергілікті халықтың тұрмыс жайының қызындауы, жұмыссыздықтың көбеюі табиғатқа антропогендік әсерін үлгайтып жіберді. Әсіресе, ақбөкенге заңсыз «шабуыл» күшінде. Бірақ браконьерлік – ақбөкенге туған жалғыз қауіп емес еді. Энергетикалық секторді дамыту жөніндегі Өзбекстан мен Ресей арасындағы бірлескен жобаны іске ассыру – ақбөкен тіршілігін нашарлатып жіберетін қауіпті жағдай.



Тұлеу станциясы маңындағы газ алаты.  
А.Есиповтың суреті

Үстірт территориясы арқылы екі газопровод линиясы («Орта Азия – Орталық», «Бұқара-Орал») өтеді. Оларға жол-жөнекей Қыр-қызы, Түлей, Қарақалпақия, Кобла-Үстірт газстанциялары қызмет көрсетеді. Сонымен бірге, қазірде Өзбекстан өзінің «Өзбекмұнайгаз» үлттық компания арқылы Ресейдің «Лукойль» және «Газпром» компанияларымен бірлесе отырып, Үстіртте ірі-ірі табиғи газ бар жерлерді зерттемекші. «Лукойль» Қонырат участкесін барлап, 2010 жылға дейін онда газохимиялық комплекс әрі газстанциясын, ұзындығы 200 шақырымға жететін магистральды газопровод және тағы басқа да өндірүстік объекттерді салмақшы. «Өзбекмұнайгаз» компаниясы мен ААҚ “Газпром” арасындағы 2002 ж. Қол қойылған стратегиялық келісім бойынша Үстірт қыратында келешегі мол газ шығатын жерлерді барлау көзделген. Газды тасымалдау жолдарын да анықтайды. “Шахпахты” газ шығатын жердің алынған өнімін бөлісу келісіміне де қол қойылған. Урға, Қуаныш және Ақшалақ сияқты газ шығатын участкелерді барлау жұмысына 2006 жылдың орта кезінде қол қойылады дег күтілуде.

Газды Еуропа елдеріне шығаруға мүдделі «Газпром» Орта Азия газын алу үшін магистральдық газопроводты «Орта Азия - Орталық» жөндеуден өткізбекші, ал 2007 ж. бастап «Газпром» жаңа газопровод құрылышын бастамақшы. Ресей бизнесінің Өзбекстандағы тағы бір өкілі – компания «UzPEC Limited» (бұрын британия компаниясы «Trinity Energy» -ға жататын). «UzPEC Limited» «Өзбекмұнайгаз»-бен бірлесе отырып геологиялық іздестіру және Орталық Үстіртте ашылған газ орындарында оны өндіру жұмыстарын жүргізбекші. Сөйтіп, келешекте Үстіртте газ өндірісі үлкен қарқынмен дамып, ол бұл регионның биологиялық әртүрлілігіне зор әсер ететін болады. Үстірттің Қарақалпақия бөлігі ақбөкеннің қыстап шығатын негізгі қонысы. Бұл жерде Қазақстаннан қоныс аударған жануарлар қытайтыды. Әткен жылдары (1960-1970 ж.) бұл регионда газ-мұнай өндірісінің дамыған кезінде салып жатқан газопроводтың терең траншеяларында (шұңқырларында) ақбөкендердің көтеп қырылғаны бірнеше рет байқалды.

Сондай-ақ, Устіртте мұнай мен газ саласында жұмыс атқарып жүрген геологиялық партиялар жағынан заңсыз ақбөкендерді атып алу фактілері де жиі байқалды. Кейбір кезде мұндай "аңшылық" нәтижесінде хайуанаттар тобымен қырылды. Қазірде салынған газопроводтар топырақпен жабылған себепті қоныс аударатын ақбөкендерге онша қаупті емес. Бірақ өндірістің қарқынмен дамуы сияқты факторлар бүгінде саны азайып, сиреп кеткен ақбөкен сияқты жануарларға үлкен әсер етуі мүмкін. Газ өндірілетін Urғa мен Куаныш ақбөкеннің қоныс аударатын жолында тұр, ал Шахпахты – ақбөкеннің қыстайтын негізгі мекені. Осыған байланысты қазірде газ өндірудің ақбөкеннің үстірт популяциясына келтіретін әсерін зерттеу мәселесі өзінен-өзі түсінкіті. Егерде жақын арада бұл мәселе қолға алынбаса, онда қөтемгі лақтау, қоныс аудару, қыстап шығу кезінде бұл жануардың жағдайы мүшкіл болады. Бұл салада мұнай-газ өндірісінде істеп жатқан құрылышылар арасында экологиялық ағарту жұмысын жүргізу керек әрі мұндага компанияларды ақбөкенді сақтау процессіне қатыстыру қажет. Қоршаған ортаға аяушылықпен қарайық дейтін ресейдің "Лукойл" мен "Газпром" компаниялары айтылған проблема бойынша бірлесіп жұмыс атқарады ғой сенеміз.

## Проектілерге шолу



### Қалмақияда табыстың альтернативті көздерін үйымдастыру проектісі

1990-шы жылдардағы социал-экономикалық дағдарыс үй малдары санының азауына әкелді, соның нәтижесінде Қалмақ елінде (Солтүстік-батыс Прикаспий) жергілікті халықтың тұрмыс жағдайы нашарлап кетті. Күн көрүі қыындаған жергілікті халық заңсыз аң аулауга кірісті; соның салдарынан басқада факторлармен қатар ақбөкенге де үлкен зиян келтірді. Нәтижесінде ақбөкен популяциясының саны күрт азайып кетті; құрып кету қаупі туды.

Сондықтанды бұл жағдайды жақсарту мақсатымен қоршаған ортанды қорғау саласындағы кіші гранттар Программасы төңірегінде қоршаған ортанды қорғау министрлігінің, Ұлыбританияның азық-түлік және ауыл аудандарын дамыту үйымдарының қолдауымен "Қалмақияда сиыр өсіру және туған төлін ақбөкенді қорғау мақсатымен айналымға түсіру" проекті жұмыс істей бастады. Жоба ағылшын мамандарымен бірлесіп атқарылады. Проектінің басшысы – Ю.Н.Арылов (КР-сы жабайы жануарлар Орталығы). Мәскеудегі ағылшын Советі проектінің орындалуын бақылап отырады.

"Дарвин инициативасы" проектісін орындау барысында (қ. Saiga news, 1, 2005) «Черные земли» биосфералық қорығының маңында тұратындардан олардың жағдайын қалай жақсартуға болатынын сұрадық. Жергілікті тұрғындар "оның жолы-мал жайылымдарын жақсарту – регионның тұрақты дамуының кілті" деп атап көрсетті. Даму саласында істейтін көптеген үйымдардың тәжірибесін есke ала отырып, бізде "Сиыр өсіру" схемасын қолдануды жөн көрдік. Бұл схема бойынша жергілікті тұрғындар ішінен проекті есебінен сиыр алғысы келген семья бөлініп алынады. Белгілі бір кезеңде сиыр алған семья оның төлін орталық "Сиыр банкісіне" қайтару керек. Сонан кейін ол төл келесі семьяга беріледі. Сол арқылы тиімді нәтижелер алынады.

Семьядар өздерінің мүдделі екенін, ал проектіге қатысуышы поселкалар табиғат қорғау ережелерін сақтау келісімімен таңдалып алынады. Мысалы, олар браконьерлерді қолдауға тиіс емес, керісінше, оларды ұстауға көмектесу керек.

Біз Яшкөл әкімшілігімен кездесіп, проекті екі поселкада өткізуге келістік. Оларда бұрын социальдық зерттеу жүргізілген әрі ақбөкен қоныстарына жақын (пос. Хулхута, 30 шақырым «Черные земли» биосфералық қорығының солтүстігінде және пос. Таван-Гашун, қорықтың оңтүстік-батысында). Әрбір поселкадан бір-бірден семья таңдалып алынық, оларға бір сиырдан берілді, сонымен бірге сиыраға кора согу, керекті құрал-жабдықтың мен жем-шөп алуға көмек көрсетілді. Тек алғашқы үш жыл ішінде алынған төлді проектіге қайтаруға тиіс. Поселкаларда проектіге қызығушылар көбейді, мұның өзі жергілікті халықтың тұрмыс-жағдайын жақсарту мен ақбөкенді сақтау арасындағы байланысты жақсартады деп ойлаймыз. Проектінің екінши бөлімі республиканың жабайы жануарлар Орталығында жүзеге асады; онда 2 сиыр және бір өгіз бар. Сиырлардан алынғын өнімдер жергілікті мектептер мен балалар бақшасына ұlestіріледі. Проект 2007-жылдың аяғына дейін қаржыландырады. Осы уақыт ішінде программа орындалып, одан әрі бұл жұмыс дами береді деп сенеміз. Қосымша мәліметті Ю.Н.Арыловтан аласыздар, ж. жануар. Орталығы, [kalmsaiga@elista.ru](mailto:kalmsaiga@elista.ru), сондай-ақ О.Б.Обгеновадан, РК экологиялық проектілер Орталығы, [centercer@yandex.ru](mailto:centercer@yandex.ru) және Э.Дж. Милнер-Гулланд, Империал Колледжі, Лондон, [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)



Проект орындалатын жерде. Солдан онға қарай: Ю.Н. Арылов, Э.Дж. Милнер-Гулланд, Цебиков семьясы. А.А. Лущекина суреті (солжакта); Таңертеңеу сауу. Ю. Н. Арылов суреті (оң жақта)

### Біз әлемді жақсы және қайырымды жасауымыз керек – Қалмақияда TNT проектісі

2003 жылдан бастап, «TNT-Express» компаниясы Солтүстік – Батыс Прикаспийде тараған ақбөкенді сақтау жөніндегі Қалмақ Республикасының жабайы жануарлар Орталығының программасына жәрдем көрсетуде.



TNT-Express жаңа тұған ақбөкен лақтарында азық алуға, есke вольєрлерін жөндеуге және жаңа вольєрлерін кеңейтуге, жергілікті жүртшылық арасында табиғатты қорғау жөніндегі жұмыстарды насиҳаттауға қаржы бөледі. Сондай-ақ питомникке көмек көрсету үшін компания басқа да үйимдарды тартады. Ол үшін арнаулы ұзак мерзімге арналған "Ақбөкенді сақтайық!" проектісі жасалған. Осы проектінің көлемінде «TNT-Express» жыл сайын өзінің клиенттеріне арнаулы анкета CLM (Customer Loyalty Measurement) жібереді. Онда әрбір толтырылған анкета «РК жабайы жануарлар Орталығы» 20 евро әкеледі делінген. TNT клиенттері ақбөкенді сақтау проектісіне жыл сайын түсінікпен қарайды және бұл акцияға қатысып отырады. Қосымша мәліметті А.А. Лущекинадан аласыздар, Ресей комитетті МАБ, ЮНЕСКО, [mab.ru@relcom.ru](mailto:mab.ru@relcom.ru)



### АҚШ ақбекенді қорғауда Ресейге көмектеседі

*Saiga News*, 2, хабарлағандай, АҚШ-тың балық және құстар үйымы Ресейге ақбекенді сақтау шараларына қаржы бөлді. Осы гранттың арқасында мемлекеттік табиғи биосфералық қорық «Черные земли» қорықшылары радиостанциялар мен басқа да құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Бұл қорықта ақбекенді қорғауға көп көмегін тигізеді, өйткені мұнда Солтүстік-Батыс Прикаспийде мекендейтін ақбекендердің тәлдеуі мен қүйге тусу процестері өтеді. Сонымен бірге АҚШ-тың балық және құстар үйымы басқа да үйимдармен бірге (ірі шөпқоректілер фондысы, т.б. спонсорлар) «Яшкөл» питомникінде (қара: жоғарыда айтылған) жаңа келу-орталығын салуға да қаржы бөлді. Қосымша мәліметті А.А. Лущекинадан аласыздар, Ресей комитеті МАБ, ЮНЕСКО, [mab.ru@relcom.ru](mailto:mab.ru@relcom.ru)



Қорыққа кірер қақпа. Сурет А.А.Лущекинанік



### Қалмақияда «Дарвин Инициативасының» жаңа проектісі

«Дарвин Инициативасы» программасы Лондонның Империал Колледжі мен оның Қалмақиядағы өріптестеріне «Қалмақиядағы ақбекенді сақтау процесіне қоғамдық қауымдастықтарды қатыстыруға баға беру» проектісіне грант бөлді. Бұл проект онда 2006 жылдың 1-ші мамырынан 2007 жылдың 31-ші желтоқсан арасында жүзеге асады. Бұл проект бұрынғы Дарвин проектісі: «Ақбекенді қорғауды ауыл жүртшылығының хал-ауқатын жақсарту үшін пайдалану» жобасының жалғасы (2003 ж. сәуір-2006 ж. наурыз). Грант бірінші проектіні табасты аяқтағаны үшін берілді.

Жалпы жаңа проектінің басшысы - Э.Дж. Милнер-Гулланд, ал Қалмақиядан – О.Б. Обгенова, Экологиялық проектілер Орталығы ([centercer@yandex.ru](mailto:centercer@yandex.ru)). Басқа қатысушылар – ҚР жабайы жануарлар Орталығы, биосфералық қорық «Черные земли», Әхмәт Әхмәтқұлов, Яшкөл гимназиясы, Аршандағы балалар үйі және «Степной» қорықшасы (Астрахан обл.). Проектінің консультанті – А.А. Лущекина.

Проектінің мақсаттары:

- 1) ақбекен популяциясы мен браконьерлік жөніндегі мониторингі (бақылау) жалғастыру, осы көрсеткіштерге талдау жасау үшін мәліметтер базасын жасау;
- 2) «Яшкөл» ақбекен питомникіне көмектесу, әсіресе, сиыр бөлу жөніндегі проекті (қара: жоғарыда) мен «Келу Орталығы» жұмыстарына жәрдемдесу;
- 3) Экскурсия жөніндегі, экологиялық клубтар мен балалар конкурстарын қамтитын Республикалық білім программасын жасау;
- 4) ақбекенді қорғау мен оны жүргізу әдістерін әртүрлі региондарда қалай жүзеге асыру мәліметтерін салыстыра отырып, жергілікті тұрғындардың ақбекенді қорғау жөніндегі жұмыстарына баға беру; бұл одан әрі қорғау шараларын жақсартуға көмектеседі;
- 5) Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақбекен статусын көтеру және жергілікті жүртшылық арасында үгіт-насихат материалдарын тарату, әсіресе, ғылыми жаңылардың арасында әкімдікке тапсыру көрсету керек.
- 6) 2007 жылдың басында программа алмасу барысында екі ел арасындағы және Англия-Қалмақия мамандары арасындағы қоғажылдық байланыстарды құшайту қажет;
- 7) Республикада қоғамдық үйымдардың қолдауымен ақбекенді сақтаудың көпжылдық негізін жасау керек.

Қосымша мәліметті Э.Дж. Милнер-Гулландтан аласыздар: Империал Колледж, Лондон, [e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk](mailto:e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk)

## Жаңа басылымдар

(бұл жұмыстардың жүртшылықтың іздеуіне қолайлы болуы үшін қай тілде шықса, сол күйінде беруді жөн көрдік)

Линдеман Г. В., Абатуров Б. Д., Быков А. В., Лопушков В. А. Динамика населения позвоночных животных Заволжской полупустыни (отв. Ред. М.-Р. Д. Магомедов) // Ин-т лесоведения. М.: Наука. 2005. 252 с.

В книге описано состояние позвоночных животных во второй половине XX столетия в целинной полупустыне и в искусственных лесных насаждениях, преимущественно на Джаныбекском стационаре Института лесоведения РАН. Особое внимание уделено естественным изменениям видового состава и численности животных, не связанных с деятельностью человека. Отдельные очерки посвящены сайгаку. По мнению авторов, любые изменения растительного покрова, вызываемые циклическими изменениями климата или масштабной сельскохозяйственной деятельностью человека в степной и полупустынной зонах, сказываются на состоянии, численности и распространении сайгака.

Неронов В. М., Арылов Ю. Н., Бадмаев В.С., Лущекина А.А., Милнер-Гулланд Э. Дж. Экосистемный подход и территориальная форма охраны ключевых видов степного биоразнообразия (на примере сайгака) // Роль особо охраняемых природных территорий в сохранении биоразнообразия. Мат-лы международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию Государственного природного заповедника «Ростовский», 26-28 апреля 2006 г., пос. Орловский, Ростовская область. Ростов н/Д, Изд-во Рост. Ун-та. 2006. С. 74-77.

На примере сайгака предлагается использовать экосистемный подход и территориальную форму охраны природы для решения задач по сохранению ключевых видов степных экосистем и их восстановлению. Контакт: Неронов Валерий Михайлович, [mab.ru@relcom.ru](mailto:mab.ru@relcom.ru). \*

Эрдненов Г. И., Лукбанов П. К., Убашаев Б. С., Лущекина А. А., Милнер-Гулланд Э. Дж. Особенности гона и отела сайгаков на территории биосферного заповедника «Черные земли» // Роль особо охраняемых природных территорий в сохранении биоразнообразия. Мат-лы международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию Государственного природного заповедника «Ростовский», 26-28 апреля 2006 г., пос. Орловский, Ростовская область. Ростов н/Д, Изд-во Рост. Ун-та. 2006. С. 344-347. Представлены результаты полевых наблюдений, выполненных при поддержке Фонда Darwin Initiative (№ 12/028) и ИНТАС (№ 03-51-3579), в период гона и отела сайгака в 2004-2005 гг. на территории биосферного заповедника «Черные земли» и на соседних участках. Показано, что места гона и отела практически совпадают, и на данной территории размножается 70-80 % популяции сайгака, обитающей в Северо-Западном Прикаспии. Контакт: Лущекина Анна Анатольевна, [mab.ru@relcom.ru](mailto:mab.ru@relcom.ru). \*

\* Сборник трудов международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию Государственного природного заповедника «Ростовский» можно заказать у директора заповедника Л. В. Клеца, [gzz@orlovsky.donpac.ru](mailto:gzz@orlovsky.donpac.ru)